

Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 30 желтоқсандағы N 8/1573 "Нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 16 қаңтардағы N 1/44 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2008 жылғы 14 ақпанда N 769 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 1/149 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2012.03.01 N 1/149 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

IV сайланған Алматы қалалық мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 42 "Алматы қаласының 2008 жылға арналған бюджеті туралы" шешіміне сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" 2006 жылғы 30 желтоқсандағы N 8/1573 қаулысына (N 732 мемлекеттік құқықтық нормативтік актілер Тізілімінде тіркеліп, 10 ақпан 2007 жылғы " Алматы Ақшамы" газетінде N 17 және 27 қаңтар 2007 жылы "Вечерний Алматы" газетінде N 20 жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

4-тармақтағы "бір жарым" деген сөзі "екі" деген сөзге ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары **М. Мұқашевқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Алматы қаласының әкімі

И. Тасмағамбетов